

# ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ ХИРУРГИЯЛЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

## Видеолапароскопиялық аппендэктомияның тиімділігін анықтау

«Жалпы хирургия» мамандығы бойынша жоғары оқудан кейінгі факультетінің 1-жыл резиденті Сейтжаппар Ж.М.,  
Ғылыми жетекші: м.ғ.д., профессор м.а. Абдурахманов Б.  
А.

Лапароскопия құрсақ қуысын тексеруге бағытталған қазіргі таңда кеңінен таралған заманауи диагностикалық емдеу шараларының бірі болып саналады. Лапароскопия — бұл зерттеудің операциялық әдісі және құрсақ қуысының ішкі мүшелерін және оның мүмкін болатын өзгерістерін дәрігер көзбен тексеретін әдіс.

## ◎ Тарихы:

1983 жылы К. Семм жедел қабыну белгілері жоқ аппендицитті тек лапароскопиялық техниканы қолдана отырып жасады. Бұл операцияны жасай отырып, ол өсіндінің тұқылын кистетті тігіспен енгізе алды.

## ◎ Тақырыптың өзектілігі:

Жедел аппендицит ауруымен сырқаттанушылық көп болғандықтан оның диагностикасы мен емі өзекті мәселе қатарында (тұрғандардың 4–6%-да осы ақау кездеседі). Хирургиялық стационарға жатқызылған барлық пациенттердің 20-50% жедел аппендицитпен түскен науқастар құрайды. Бір қатар авторлардың пікірінше диагностикалық қателіктер 12-31% жағдайда кездеседі, ал, жеткіншектер мен егде жастағы адамдарда қателіктер жиі болып тұрады. Операциядан кейінгі асқынулар жиілігі 0,25%-дан 32,6% дейінгі жоғарғы көрсеткіштерді ұстап тұр

## Лапароскопиялық аппендэктомияның артықшылықтары:



- ◎ Жарақаттың аз болуы
- ◎ Отадан кейінгі кезеңнің тез өтуі және асқынбауы
- ◎ Жара аумағының тез жазылуы
- ◎ Жергілікті ауырсынудың азаюы
- ◎ Жараның тез бітуі т.б.

## Негізгі көрсеткіштері W.P Geis (1992) бойынша:

- ◎ Жіті аппендицит;
- ◎ Өсіндіде жедел қабынудың болмауы;
- ◎ Гинекологиялық ауруларының болмауы;
- ◎ Крон ауруы;
- ◎ Өміріне маңызды органдарының ауруларының болмауы:


# Операциялық үстелде науқастың орналасуы:

## Лапароскопическая аппендэктомия



# ◎ Ену жолдары:

Традиционная  
открытая операция




Лапароскопическая  
операция




## Хирургическое лечение

### Лапароскопическая аппендэктомия

Точки введения  
троакаров после  
наложения  
карбоксипери-  
тонеума







- Лапароскопияның тиімділігін анықтау үшін, біз 2016-2018 жылдар аралығында ОКА-ға жедел аппендицит диагнозымен емделген науқастарды екі топқа бөліп, науқастардың ем нәтижесін салыстырдық. Негізгі топқа эндовидеохирургиялық жолмен емделгендер кірсе, бақылау тобына дәстүрлі әдісті пайдаланған науқастар құрады.
- Жасалынған ота түрлерінің сандық көрсеткіштері. Негізгі топты 120 пациент құрады. Қорытынды клиникалық диагноздарының мәліметтері бойынша флегмонозды аппендицит 80 науқаста гангренозды перфоративті аппендицит 38 науқаста кездесті. Және де бір науқаста жәй аппендицит болды, яғни 0,46%.

- ◎ Бақылау тобында 1249 пациент зерттелді. Бұл топта флегмонозды аппендицит 850 болса, гангренозды перфоративті аппендицит 399 науқаста анықталды. Көңіл аударар жағдай патоморфологиялық тексерудің қорытындысында 184 науқаста жедел жәй аппендицит кездесе, 239 науқаста екіншілік өзгерген құрт тәрізді өсінді анықталды. Мұндай қорытынды негізгі топта бір ғана жағдайда кездескен.

# Патоморфологиялық зерттеудің нәтижесі:

- ◎ 2016 жыл: лапароскопиялық – 21 науқаста, дәстүрлі – 479 науқаста;
- ◎ 2017 жыл: лапароскопиялық – 60, дәстүрлі – 428;
- ◎ 2018 жыл: 9 айлық көрсеткіш :  
лапароскопиялық – 39, дәстүрлі – 342.

## ◎ **Нәтиже және талқылау:**

Негізгі топта құрт тәрізді өсіндінің деструктивті өзгеруіне байланысты және орналасу қалпы атипиялық болғандықтан техникалық қиыншылықтар болу себебінен конверсия саны 18-ге жуық.

Релапароскопия 2 жағдайда кездесті. Бақылау тобында 1 жағдайда релапаротомия болған. Негізгі топта лапароскопиялық әдістен кейінгі операциядан кейінгі асқыну 2 (0,46%) жағдайда кездесті, олар құрт тәрізді өсіндінің шажырқайынан қан кету және құрт тәрізді өсінді құлтығының босап кетуі.

- Бақылау тобында дәстүрлі әдістен кейінгі асқынулар 127(4,2%) науқаста кездесті, олар операциядан кейінгі жараның іріңдеуі және жарадағы инфильтраттың болуы. Негізгі топта азайғаны байқалады.
- Операциядан кейінгі асқынулар: Дәстүрлі – 5,30%. Лапароскопиялық – 0,92 %.
- Екі топтағы науқастардың стационарда өткізген төсек бейіні мерзімі салыстырмалы есептелініп, орташа алғандағы төсек бейіні мезгілінің саны шығарылды: Дәстүрлі – 7,3. Лапароскопиялық – 4,92. 2 күн стационардан ерте шығарылуымен ерекшеленеді.

# Қорытынды:

- ◎ Жоғарыда жасалынған бірқатар зерттеулердің нәтижесінде жедел аппендициттің емінде лапароскопиялық әдісті қолданунын себепсіз жасалынған аппендэктомия санының 6 есеге қысқаруына, операциядан кейінгі кейінгі асқыну жиілігі 5 есеге дейін азаюына, стационарда науқастардың емдеуге кететін мезгілінің 2 тәулікке дейін шегерілуіне, пациенттің толық еміне кететін материалдық шығынның 25%-ға дейін үнемделуіне алып келеді.